

Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді және ақпараттық қызмет көрсетулерді мемлекеттік тіркеу үшін ақы алудың тәртібі туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 30 қазан N 1316. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.03.29. N 373 қаулысымен. ~P020373

"Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын

мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 25 желтоқсандағы Заң күші бар Жарлығын

U952727_

орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Беріліп отырған Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді және ақпараттық қызмет көрсетулерді мемлекеттік тіркеу үшін ақы алудың тәртібі туралы Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 30 қазандағы
N 1316 қаулысымен
бекітілді

Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу және ақпараттық қызмет көрсеткені үшін төлем алу тәртібі туралы

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ереже

1. Осы Ереже "жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын

мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 25 желтоқсандағы N 2727 U952727_ Заң күші бар Жарлығының 32 бабына сәйкес әзірленіп, қолданылады.

2. Осы Ереже Қазақстан Республикасының аумағында қолданылады жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалған мәмілелерді, сондай-ақ ақпараттық қызмет көрсетуді тіркеуді Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің органдары (бұдан әрі - тіркеуші орган) жүзеге асырады.

2. Төлемшілер

3. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалған мәмілелерді мемлекеттік тіркеу, сондай-ақ ақпараттық қызмет көрсеткені үшін, заңды және жеке тұлға төлем жасайды. <*>

ЕСКЕРТУ. 3-тармақтан сөздер алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1997.04.08. N 505 қаулысымен. P970505_

3. Тіркегені үшін төлем жасаудан босату

4. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркегені үшін төлем жасаудан Ұлы Отан соғысына қатысушылар, оларға теңестірілген тұлғалар, I және II топтағы мүгедектер және бөлек тұратын зейнеткерлер, сондай-ақ заң актілеріне сәйкес тиісті жеңілдіктерді пайдаланатын өзге де адамдар босатылады. <*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.07.01. N 621 қаулысымен. P980621_

5. Прокуратура органдарының, құқық қорғау, сот және атқарушы органдардың сұрауы бойынша ақпаратты олардың құзырына сәйкес, тіркеуші орган ақысыз негізде береді. Бұл жағдайда талап етуші орган сұраған ақпараттарына негіздеме беруі тиіс.

4. Тіркегені және ақпараттық қызмет көрсеткені үшін төлем мөлшері

6. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу және ақпараттық қызмет көрсеткені үшін төлем төленетін күні республикада белгіленген айлық есеп көрсеткіші тұрғысынан саналатын мынадай мөлшерде төлем алынады:

жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді

мемлекеттік тіркегені үшін;

а) жеке тұлғалардан - жарты айлық есеп көрсеткіші мөлшерінде; <*>

б) заңды тұлғалардан - 10 айлық есеп көрсеткіші мөлшерінде; <*>

ақпараттық қызмет көрсеткені үшін жеке және заңды тұлғалардан жарты айлық есеп көрсеткіші мөлшерінде төлем алынады.

Ақпараттық қызмет көрсету тәртібін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекітеді.

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгертілді - ҚР Үкіметінің 2000.01.05. N 12 қаулысымен. P000012_

Ескерту. 6-тармақтың а),б)-тармақшаларының күші 2001 жылғы 4 шілдеден 10 қазанға дейін тоқтатыла тұрсын - ҚР Үкіметінің 2001.06.01. N 751 қаулысымен. P010751_

5. Төлем төлеудің тәртібі мен мерзімі

7. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу, сондай-ақ ақпараттық қызмет көрсеткені үшін төлем банк мекемесіне, тіркеу органына өтініш бергенге дейін төленеді.

8. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу үшін ақыны есептеу жергілікті бюджеттердің кірісіне жүргізіледі.

Ақпараттық қызмет көрсеткені үшін ақы тіркеуші органның шотына есептеледі. <*>

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ өзгертілді - ҚРҮ-нің 1997.04.08. N 505 қаулысымен. P970505_

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ өзгертілді - ҚРҮ-нің 1997.08.15. N 1261 қаулысымен. P971261_

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.01.05. N 12 қаулысымен. P000012_

9. Тіркеу органына жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу немесе ақпараттық қызмет көрсеткені үшін төлем төленгендігі туралы түбіртек немесе төлем тапсырмасының көшірмесі беріледі.

10. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын

мәмілелерді мемлекеттік тіркеуді осы Ереженің 4-тармағында анықталған жағдайлардан басқа төлем төлемей жүргізуге тыйым салынады.

11. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын

мәмілелерді мемлекеттік тіркеуден бас тартылса мынадай жағдайдан басқаларға төленген төлем қайтарылмайды:

осы Ереже талабы бойынша үлкен мөлшердегі төленген төлемге; тіркеуді жүргізуге бас тартқан төлемді төлеген тарапқа.

6. Төленген төлем үшін жауапкершілік

12. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу, сондай-ақ ақпараттық қызмет көрсеткені үшін төлемді толығымен және уақтылы төлеуге жауапкершілік тіркеу органына жүктеледі.

7. Аударылған төлемге бақылау

13. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу үшін төлемді жергілікті бюджет табысына толығымен және уақтылы аударуға бақылауды салық органдары жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК